

ŞÜĞYLA-RADUGA

№19 (6557), 11 наурыз 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



**ЖАСТАР
ТАЗАЛЫҚҚА ДЕН
ҚОЙҒАН**



**КІТАП ПЕН
СӨЗДІҢ ҚУАТЫ
– БОЛАШАҚҚА
БАСТАР ЖОЛ**



**ӘЙЕЛ МЕЙІРІМІ ІЗГІЛІКKE
ТӘРБИЕЛЕЙДІ**

→ 4

15 НАУРЫЗ
МАРТА
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
РЕФЕРЕНДУМ
Важен голос каждого из нас!
www.election.gov.kz

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ БЕРІЛЕДІ

Жамбыл аудандық референдум комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаев азаматтардың тіркелген жерінен тыс дауыс беру тәртібін түсіндірді.



– Егер 15 наурыз күні азамат өзінің тіркелген жерінен тыс жерде болатын болса, оған 14 наурыз сағат 18.00-ге дейін өзінің учаскелік комиссиясына жазбаша өтініш беріп, жеке куәлігін көрсетуі қажет. Өтініш негізінде дауыс беру құқығын куәландыратын есептен шығару куәлігі (открепительный талон) беріледі. Бұл құжат референдум күні нақты орналасқан жері бойынша учаскеде дауыс беруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл де ала алады. Бұл ретте сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді. Құжат жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді. Бір елді мекеннің шегінде басқа учаскеде дауыс беру үшін есептен шығару құжаттары берілмейді, – деді Еламан Галымжанұлы.

Аудандық референдум комиссиясы.

МЕРЕКЕЛІК ҚАБЫЛДАУ

Асыл жандарға құрмет – баршаға міндет



Халықаралық әйелдер мерекесіне орай аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы ұзақ жыл түрлі салада еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына субелі үлесін қосқан ардақты апалар мен аяулы аналарды қабылдады. Оларды төл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін айтты.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



– Жер бетіндегі барлық асыл қасиет күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған. Ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы

аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласты. Дәуір ауыртпалығын қайыспай көтере білді. Ел дамуының қиын-қыстау кезеңінде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қоса арқалап, қиын сынақтан өтті. Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен есімдерін тарих жыл-

намасына алтын әріптермен жазды.

Әйел-аналарға деген ыстық ықылас пен айрықша құрмет тек бүгінгі мерекемен ғана шектеліп қалмаса керек. Қазіргідей бейбіт заманда біздің ең басты байлығымыз – ананың амандығы мен баланың жарқын күлкісі. Бесік тербететін, батырды өсіретін, ұлтымызды сақтайтын әйел, келін, ананың қадірлеу – қасиетті борыш.

Сіздер адамға өмір сыйлап қана қоймай, түрлі салада еразаматтармен қанаттасып қызмет атқардыңыздар. Өздеріңіздей еңбеккер әйелдер

қоғам дамуына өлшеусіз үлес қосты. Сіздерге мықты денсаулық, мол игілік, отбасы бақыты мен берекесін тілеймін, – деген өңір басшысы қадірлі де құрметті әйел-аналарға сыйлықтар тарту етті.

Өз кезегінде әйелдер қауымы аудан әкіміне арнайы шақырып, сый-құрмет көрсеткені үшін ризашылықтарын білдіріп, аналық алғыстарын айтты.

Мерекелік қабылдау аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен түйінделді.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...» атты салтанатты жиын аудандық мәдениет үйінде өтті. Мерекеге сай безендірілген сахнада «Аса сазы» бишілері «Қызғалдық» биін билеп, мерекенің шымылдығын түрді. Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы әйелдер қауымын мерекемен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

Ананың қуанышы – Отанның мерейі



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



– Бар адамзатқа жарық дүние сыйлап, отбасының алтын қазығы, бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мықты дінгегі болып отырған сіздердей асыл жандар қандай құрметке де лайық.

Өздеріңіз де білесіздер, тамыры терең тарихта әйел заты кез келген ауыртпалықты халқымен бірге

көтеріп, еріне демеу, еліне тірек болған. Аты аңызға айналған аналарымыз жадымызда жатталып қалған. Ғасырлардан бізге жеткен Ұмай ана, Домалақ ана, Бопай ана және ұлы Абайды тәрбиелеген Зере мен Ұлжан аналар, адал сезімнің мәңгілік үлгісіндей Айша бибі, Қыз Жібек, Баян сұлу арулар, шығыстың жарық жұлдыздары Әлия мен Мәншүк батырлар әлі де жұрттың жүрегінде тұр.

→ 4

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 20 наурызында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Көлқайнар, Қарасу, Ақбастау ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Көлқайнар ауылдық округі, Тастөбе ауылы, Ө.Тарази атындағы тірек мектебі, сағат 9.30.

Қарасу ауылдық округі, Ащыбұлақ ауылы, ауылдық клуб, сағат 11.30.

Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу-Еңбек ауылы, сағат 14.30.

Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

Аудан әкімі аппараты.

ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер

арқылы немесе төменде жарияланған QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өзінің референдум учаскесін анықтай алады.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=kk>



<https://referendum2026.gov.kz/kk>



<https://referendum.gov.kz/kk>

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы

ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

КАК НАЙТИ УЧАСТОК ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ?

Для голосования на республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. Перейдя по рассылаемым от официальных источников ссылкам, таких как Egov-mobile, банки второго уровня (Kaspi Bank, Halyk Bank) и SMS-оповещения операторов связи, либо

просканировав ниже опубликованный QR-код, граждане смогут перейти на специальный раздел сайта, где посредством ввода ИИН определяют свой участок референдума.



<https://www.gov.kz/referendum?lang=ru>



<https://referendum2026.gov.kz/ru>



<https://referendum.gov.kz/ru>

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населённого пункта по месту жительства можно уточнить

информацию об участке для голосования. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов.

Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан.

ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!

ЖАС МАМАНДАРҒА АРНАЛҒАН ТИІМДІ ЖОБА



«Дипломмен – ауылға!» жобасының мақсаты – ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсете отырып, білікті кадр тапшылығын шешу.

Жобаға қатысушы мамандарға екі бағытта қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтсақ, бірінші бағыт – біржолғы көтерме жәрдемақы беру, ол ағымдағы жылы 432500 теңгені құрады. Екінші бағыт – қажеттілігіне қарай тұрғын үй сатып алуға немесе салуға 1 пайыздық үстеменен 15 жылға дейін 2500 АЕК немесе 10 млн 812 мың теңге көлемінде жеңілдетілген бюджеттік несие беру. Ал

әлеуметтік қолдау шараларын алған маман ауылдық елді мекенде үш жылдан кем емес жұмыс істеуге міндеттеме алады.

Жоба шеңберінде ұсынылатын әлеуметтік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18-бабы 8-тармағымен регламенттелген. Аталған баптың

күші тек ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған және қалалық елді мекендерге қолданылмайды.

Көрсетілетін қызметті беруші – аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілетті органдары.

Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері – ақпараттандыру объектілері арқылы otbasybank.kz/programm-bank – баспана маркет жылжымайтын мүлік порталы.

Портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Қарлығаш БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ, аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ЖАСТАР ТАЗАЛЫҚҚА ДЕН ҚОЙҒАН

Таяуда «Таза Қазақстан» акциясы аясында тазалық жұмыстары Аса өзенінің бойында және Аса-Ақкөл тасжолы бойында жалғасын тапты. Бұл экологиялық бастаманы қолдау мақсатында көптеген белсенді жастар, еріктілер, жергілікті тұрғындар атсалысып, аудан тазалығына өз үлестерін қосты.



Аружан КҮНТУБАЙ

Қатысушылар өзен жағасын, жол бойын қойыстан тазалап, пластик бөтелкелерді, қағаз қалдықтарын және тұрмыстық қоқыстарды арнайы жинақтау орындарына шығарды. Сонымен қатар, аймақ айналасы ретке келтіріліп, қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңыздылығы жайлы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Еріктілер қоршаған

ортаны қорғау, қалдықтарды дұрыс шығару және табиғатты аялау жөнінде тұрғындар мен балаларға пайдалы кеңестер берді.

Шараға қатысқан жастар мен еріктілер біркөлемді атсалысып, қоқыс жинаудан бөлек, ағаштардың жанын, бұталарды тазалап, өзен жағасын көріктендірді. Бірлескен еңбектің нәтижесінде жол бойы

мен өзен жағасы таза әрі көрікті болып, серуендеуге ерекше жағдай жасалды.

Аталған бастама тек табиғатты тазалаумен шектелмей, адамдардың экологиялық мәдениетін арттыруға, қоғамда жауапкершілікті қалыптастыруға және туған жерге деген сүйіспеншілікті нығайтуға бағытталды.

ЕКІ ЖҮЛДЫЗ

Ұстаз бен шәкірт сахнада сынға түсті

Жуырда аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» шығармашылық байқауы өтті. Жас ұстаздар мен жоғары сынып оқушылары қатысқан шарада жұптасып өнер көрсеткен қатысушылар көрермендерді тәнті етті.



Байқаудың басты мақсаты – ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланысты нығайту, жас буынның шығармашылық қабілетін дамыту және ұстаз мәртебесін асқақтату.

Байқаудың алғашқы кезеңі таныстыруда қатысушылар өз мектептерінің мәртебесін асқақтатып, шығармашылық деңгейлерін паш етуге мүмкіндік алды. Әр жұп өзіндік ерекшелігімен дараланып, қазылар алқасы олардың дайындықтарын лайықты бағалады. Келесі кезеңде «Two Stars» немесе Болливуд жұлдыздары шоуы сахнаны үнді киносының сиқырлы әлеміне айналдырды. Қатысушылар жарқын костюмдермен сахнаны сәндімен қатар, классикалық үнді әуендеріне би билеп, ән

орындап, актерлік шеберліктерін паш етті. Әділ қазылар алқасы әр жұптың сахналық мәдениетін, би ырғақтарын және костюм тандау талғамын мұқият бағалады.

Қазылар алқасының шешімі бойынша I орынды Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі мен Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы жеңіп алса, II орынды

Айшабибі орта мектебі, III орынды Б.Тайшапов орта мектебі қанжығалады. Шара қатысушыларға ерекше көңіл күй сыйлап, ауданның мәдени өміріне жаңа серпін берді.

Айғаным МҰҚАШХАНОВА, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығының» бөлім басшысы.



Тәуелсіз елдің еңсесін тіктейтін, рухын асқақтататын басты құндылықтардың бірі – мемлекеттік тіл. Ата заңда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде айқындалуы – жай ғана құқықтық норма емес, елдігіміздің айғағы, бірлігіміздің негізі. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде құқықтық кеңістікте кеңінен қолданылуы – құқықтық мәдениеттің деңгейін көрсететін басты өлшемдердің бірі.

ЕЛДІГІМІЗДІҢ АЙҒАҒЫ, БІРЛІГІМІЗДІҢ НЕГІЗІ

Құқықтық мәдениет дегеніміз – азаматтардың заңды білуі ғана емес, оны құрметтеуі, сақтауы және құқықтық нормаларды саналы түрде ұстануы. Ал бұл мәдениет ең алдымен, түсінікті тілден басталады. Егер заң тілі халыққа түсінікті болса, құқықтық сана да жоғары болады. Сондықтан мемлекеттік тілдің сот жүйесінде, құқық қорғау органдарында, мемлекеттік қызметте толыққанды қолданылуы – құқық үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Қазіргі таңда сот ісін жүргізу, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, ресми құжат айналымы мемлекеттік тілде жүзеге асырылып келеді. Бұл – заң талаптарының орындалуы ғана емес, құқықтық мәдениеттің қалыптасуына бағытталған жүйелі кадам. Мемлекеттік тілде сауатты жазылған сот актілері, ресми жауаптар мен құқықтық түсіндірмелер, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырады.

Мемлекеттік тілдің құқық саласындағы рөлі ерекше. Заң тілі дәлдікті, нақтылықты, жүйелілікті талап етеді. Әрбір термин, сөйлем нақты құқықтық салдарға ие. Сондықтан заңгерлер мен мемлекеттік қызметшілердің тілдік сауаттылығы – кәсіби мәдениеттің ажырамас бөлігі. Тілге құрмет – заңға құрметпен пара-пар. Құқықтық мәдениет тек

мамандардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Азаматтардың өтініштері, арыз-шағымдары, талап-арыздары мемлекеттік тілде жазылып, еркін қабылдануы – тіл мәртебесінің нақты көрінісі. Бұл бағытта түсіндіру жұмыстары, құқықтық ағарту іс-шаралары, жастар арасында өткізілетін кездесулер маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік тілдің дамуы – бұл бір күндік науқан емес, үздіксіз үдеріс. Әсіресе, құқық саласында тіл тазалығы мен терминологиялық бірізділікке баса назар аудару қажет. Заң мәтіндерінің сапасы – құқықтық мәдениеттің сапасы. Бүгінгі жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау, құқықтық мемлекетті нығайту – ортақ міндет. Осы жолда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оны құқықтық қатынастардың басты құралына айналдыру – ел болашағына жасалған инвестиция.

Мемлекеттік тіл – тек қатынас құралы емес, ол – құқықтық сананың, азаматтық жауапкершіліктің және әділетті қоғам құрудың негізі. Тілді құрметтеу арқылы біз заңды құрметтейміз, ал заңды құрметтеу арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітеміз.

Дана БЕРІКҚЫЗЫ, аудандық соттың бас маман-сот отырысының хатшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ЦИФРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КЕПІЛІ

Мемлекеттік қызмет көрсету – халыққа ұсынылатын ресми қызметтердің маңызды жүйесі. Бүгінде бұл сала қарқынды жаңарып, заманауи талаптарға сай дамып келеді. Қазіргі таңда көптеген қызмет түрін онлайн форматта алу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеп, кезек күтпей-ақ қажетті анықтамалар мен құжаттарды ресімдеуге, түрлі тіркеу жұмыстарын жеңіл әрі жедел орындауға жол ашты.

Сонымен қатар халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысында да оң өзгерістер бар. Кезек күту уақыты едәуір қысқарып, қызмет сапасына қойылатын талаптар күшейтілді. Қызметкерлердің жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігіне ерекше мән берілуде. Мұның бәрі мемлекеттік органдарға деген азаматтардың сенімін арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, бұл бағытта шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Әсіресе, шалғай ауылдық елді мекендерде интернет желісінің сапасы төмен болуы кейбір қызметтерді онлайн алуға кедергі келтіреді. Сол себепті халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру – уақыт талабы. Заманауи технологияларды тиімді пайдалану әр азамат үшін маңызды дағдыға айналууда.

Мемлекет үшін басты құндылық – адам. Сондықтан сапалы қызмет көрсету тек техникалық үдеріс



қана емес, ол – жауапкершілік пен сенімнің көрінісі. Әрбір көрсетілген қызмет азаматтың мемлекетке деген көзқарасын қалыптастырады. Қызмет сапалы, жедел әрі әділ көрсетілген жағдайда қоғамдағы өзара сенім нығая түседі.

Тоты ҚОЖАХАНОВА, Қызылқайнар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ КЕСЕЛ

Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендетеді. Қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейді. Дамудың даңғыл жолына түскен еліміздің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді. Ел азаматтарының қоғамның демократиялық негізіне, заң мен әділдікке, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер етеді. Сондықтан қоғамға қауіпті кеселге қарсы қарқынды күрес жүргізу – мемлекеттің маңызға ие міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруына ең алдымен, қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер етеді. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынты танытпай, тиісті жұмысты жүргізуге мүдделі болмауы жемқорлықтың тамырын тереңдеті түсуде.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуы тиіс.



Жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Өйткені, қараша халық паракорлық терітмен жиі бетпе-бет келеді. Бұл заңға қайшы әрі қисынға келмейді. Кез келген ортада пара беру мен алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Сәуле ҚАЛДИЕВА, Гродиково ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

ҚҰРМЕТ

Ардақты әжені құттықтап барды

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Ащыбұлақ ауылының тұрғыны, ардақты ұстаз Файзиева Салима апаның шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Аружан КҮНТУБАЙ

1932 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген Салима апа – саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұстаз. Ол 40 жыл бойы шәкірт тәрбиелеп, елдің игілігіне қызмет еткен. Қонабалы ана, 3 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда 16 немере, 10 шөбере сүйіп отырған қадірлі әже.

– Құрметті Салима апа! Сізді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Отан игілігі мен отбасы құндылықтарын сақтауға және ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін. Сізге зор денсаулық, отбасы бақыты мен берекесін тілеймін, – деп ақжарма тілегін жеткізген



өмір басшысы Салима апаның иығына ақ орамал жауып, мерекелік сый-қалта табыстады. Сонымен қатар, аналарға көрсетілген құрмет қоғамның берекесі мен тәрбиесінің негізі екенін атап өтті. Құрметке бөленген көнекөз қария аудан әкіміне ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Соңы. Басы 1-бетте

Ананьң қуанышы – Отанның мерейі



Сол қаһармандық дәстүр күміс жіппен жалғанып бүгінге жетті. Асыл аналар қазіргі қоғамда да өз орнын тапқан. Арамызда жүрген қазақ әйелінің бойынан ақыл мен парасатты, төзімділік пен өрлікті, таусылмас мейірімділікті күнделікті сезініп жүрміз.

Қасиетті Жамбыл жерінің атын шығарған асыл жандар – ардагер ұстаз Райкүл Омарова, шаруақожалық иесі Әселкүл Дайырханова, ұстаз-жазушы Сұлдул Қошанова, дәрігер Жамал Төлепбергенова, орден иегері Күләш Жанқоразова, ақын Жібек Шәдіқожакызы, мемлекеттік қызмет ардагерлері Ботагөз Қалтаева мен Шырай Тұрсынбекова және басқа әйел-аналарды біз мақтан етеміз.

Өніріміздің өркендеуінде әйелдердің есепті еңбегі мен қажырлы қайраты жатыр. Барлық салада қол жеткен табысымызға әйелдердің үлес қосып келе жатқаны

шыққан күндей шындық. «Еңбек – адамның екінші анасы» деген сөз осындайда айтылса керек.

Ендігі жерде мемлекетіміз ана мен баланы қамқор қолға алып, денсаулығына айрықша көңіл бөліп отырғанын қуанышымен сөз еткен жөн. Әлеуметтік көмектер көлемі жыл санап өсу үстінде. Бұл жұмыс біздің ауданымызда да жүйелі жүзеге асуда, – деген өмір басшысы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар азаматшаға марапат табыс етті.

Мерекелік жиында «Алтын алқа» иегері Токтан Үсенбаева, Гүлнәр Көпәділова, Әйгерім Шынтасова облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, Гүлнар Иманқұлова, Балайым Шыналиева облыс әкімінің Алғыс хатымен, Жәнісқұл Упекова, Ұлжан Әушенова, Забира Еркебаева, Бактыгүл Әшірбаева

аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, Назира Молдабекова, Жаңыл Жаймаева, Раушан Жақсымбетова, Жадыра Әбдірешова, Альфия Әліпшиева, Айжан Сандыбаева, Данира Ибаділдаева, Айдана Исенғалиқызы аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Келесі кезекте өз еңбегімен, өмір жолымен көпке үлгі болған батыр аналар, ақ жаулықты әжелер, ақ халатты абзал жандар, табанды кәсіпкерлер, қайсар спортшы қыздар бейнеленген бейнебаян көпшілік назарына ұсынылды. Жұртшылық араларында отырған кейіпкерлерге қошемет көрсетіп, ризашылығын білдірді.

Аналар мен арулар мерекесіне арналған жиында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары және «Музарт» тобының әншісі Кенжебек Жанәбілов әсем әндерін әулетіп, әйелдер қауымына мерекелік көңіл күй сыйлады.

БАЙҚАУ

Руханияттың алтын арқауы – кітап. Кітап бар жерде – білім бар, парасат бар, ұлттың болашағы бар.

КІТАП ПЕН СӨЗДІҢ ҚҰАТЫ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Аружан КҮНТУБАЙ

Ұрпақ санасына сәуле сеуіп, жүрегіне ізгілік дәнін егетін әдебиеттің құдіретін дәріптеу мақсатында Жамбыл аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен қазақ руханиятының алып тұлғалары – Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығы мен Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына орай «Оқуға құштар жүректер»

әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап беріп, білімдерін сыңға салды.

Байқауды бағалаған қазылар алқасы – аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұрдос Орынбаев пен Д. Қонаев атындағы Жамбыл облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Ақерке Айнабекова талапкерлердің шығармашылық әлеуетін саралап, сахнадағы шеберлігі мен



атты аудандық байқау өтті. Сайыстың басты мақсаты – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық мұрасын және қазақ поэзиясының ақиығы Мұқағали Мақатаевтың сыршыл жырларын жас буынға насихаттау. Сонымен қатар оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем ойды әсерлі жеткізу, әдеби кейіпкерді терең түсіну дағдыларын жетілдіру және сөз өнеріне қызығушылығын ояту міндеттері көзделді.

Байқау үш кезең бойынша ұйымдастырылды. «Әдебиетпен өрілген өз әлемім» бөлімінде қатысушылар кітапқа деген сүйіспеншілігін, шығармашылық қызығушылығын әсерлі таныстырып, оқырмандық болмысын ашып көрсетті. «Поэзия мен парасат» кезеңінде үміткерлер Мұқағали Мақатаевтың бір өлеңін жатқа оқып, Ыбырай Алтынсариннің прозалық шығармаларынан үзінділер орындады. Кейбір қатысушылар шағын сахналық көрініс ұсынып, шығарманың мазмұнын тереңірек ашуға талпынды. Ал «Білім белесі» бөлімінде оқушылар қазақ балалар

әдеби талғамына мән берді. Әр қатысушының жетістігі ескеріліп, пікірлер айтылды. Үміткерлердің мәнерлеп оқу дағдысы, сахналық мәдениеті, туындыны игеру деңгейі мен дайындық сапасы жан-жақты бағаланды.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде және облыстық кезеңге жолдама Қ.Сартбаев атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Дамира Желеубайға бұйырды. Бірінші орынды Айшабибі орта мектебінің 8-сынып оқушысы Айымжан Амантай иеленді. Екінші орынды Қ.Сартбаев атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Нұрғұл Қожамжар мен Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 5-сынып оқушысы Балауса Жаңабек өзара бөлісті. Үшінші орынға Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының 6-сынып оқушысы Айару Файзулла мен 5-сынып оқушысы Сезім Жамбыл, сондай-ақ Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы Інжу Ағабек лайық деп танылды.

Шара соңында барлық қатысушыға Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталып, әдеби кеш мазмұнды қорытындыланды.

МЕРЕКЕ МӨЗІРЕТІ

Аружан КҮНТУБАЙ

Әйел мейірімі ізгілікке тәрбиелейді

Көктем – жаңару мен жылылықтың, мейірім мен шаттықтың мезгілі. Табиғатпен бірге адамның да көңілі жаңарып, айналаға нұр шаққандай болады. Шұғылты көктеммен бірге аналар мен аруларға арналған ең көркем мерекелердің бірі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні аталып өтіледі. Ана – отбасының берекесі, шаңырақтың шуағы, өмірдің мәні мен тірегі. Сондықтан аналарға құрмет көрсетіп, аруларды ардақтау – әрбір адамның азаматтық парызы. Бұл ретте, мерекеге орай арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының ұйымдастыруымен «Сарқылмайтын жылылық, Ана аты – ұлылық!» атты мерекелік кеш өтті.



Шараның басты мақсаты – аналардың қоғамдағы ерекше орнын дәріптеу, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру, жас ұрпақты мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу. Аналар, әжелер мен апалар қатысқан кеште балалар өнер көрсетіп, мерекелік көңіл күй сыйлады. Жүргізуші аналарды мерекемен құттықтап, ананың адам өміріндегі ерекше орнын атап өтті. Бүлдіршіндер ана туралы сұрақтарға жауап беріп, жылы лебіздерін білдірді. Балалар аналарға арналған өлеңдерін оқып, жүрекжарды тілектерін жеткізіп, хормен «Мама» әнін орындады.

Мерекелік бағдарламаның ерекшелігі – балалардың түрлі елдерге саяхат жасауы арқылы аналарға көктемнің алғашқы гүлі – бәйшешекті іздеуі. Әуе саяхаты көрінісінде стюардессалар мен жүргізушілердің қатысуымен қызықты қойылым ұсынылды. Балалар Италия, Франция,

Испания, Америка және Голландия елдеріне саяхат жасап, әр елдің мәдениеті мен өнерін бейнелейтін көріністермен өнерлерін көрсетті.

Италия елінде «Аналардың бір күні» атты көрініс қойылып, аналардың күнделікті еңбегі мен қамқорлығы бейнеленсе, Францияда балалар сән көрсетілімін ұйымдастырып, көктемгі қалпақтар коллекциясын таныстырды. Испания елінде әсем «Гүлдер» биі орындалса, Америкада балалар «Кіп-кішкентай торғай» әнін шырқап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ал Голландияда балалар гүл құрастыру мен көбелектерді гүлге қондыру арқылы қызықты ойындар ойнады.

Саяхат соңында балалар өз туған жері – Қазақстанға оралып, аналарға арналған «Құттықтаймын, мама, қуанышыңмен!» әнін орындады. Сонымен қатар жасөспірімдер өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын аналарға табыстап, «Ана жүрегі» биін сахнаға шығарды.

Іс-шара соңында орталық басшысы Жанна Иманқұлқызы құттықтау сөз сөйлеп, аяулы аналарға ізгі тілегін арнады.

ШҰҒЫЛА-РАДУГА

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрсұлтан СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұмағай Көксұбайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

2-20-24

2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰПУ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3094 Тапсырыс №152

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.